ҒТАМР: 19.41.41
DOI: https://doi.org/10.47344/sdubss.v60i.001

Интерпретациялық өкілет және нарративтік ауысу: қаңтар оқиғасының мемлекеттік және тәуелсіз деректі фильмдерде фреймделуі

Есенгүл Кәпқызы
SDU University, Қаскелең, Қазақстан
email: yessengul.kap@sdu.edu.kz

Бағдат Сұлтан
SDU University, Қаскелең, Қазақстан
email: 241308002@sdu.edu.kz

Аңдатпа

Мақала 2022 жылғы қаңтар оқиғасын мемлекеттік және тәуелсіз деректі фильмдердің қалай түсіндіретінін салыстырады. Талдаудың негізгі өлшемдеріне интерпретациялық өкілет, әрекет иесін атау және нарративтік ауысу (баяндау бағытының өзгеруі) жатады. Корпусқа «Qazaqstan» ұлттық телеарнасының «Қаралы қаңтар» фильмінің екі бөлімі және «Просто журналистика» YouTube арнасының «Көтеріліс» пен «Қасірет» бөлімдері енгізілді. Төрт фильмнің жалпы ұзақтығы 4 сағат 53 минут 9 секунд. Толық транскрипттер сөйлем, мағыналық сегмент және аудиовизуалды эпизод деңгейінде талданды. Кодтау нәтижелері MAXQDA 2022 бағдарламасында иерархиялық код жүйесі мен құжат-код матрицасы бойынша жүйеленіп, Code Matrix Browser арқылы салыстырылды. Барлығы 171 кодтық белгілеу тіркелді: 162 белгі Human Rights және State Security фреймдеріне, ал тоғыз белгі көрнекі материалды сапалық талдауға жатты. Корпустардың ұзақтығы әркелкі болғандықтан, әр фильм ішіндегі фрейм үлесі және он минутқа шаққандағы жиілік қатар есептелді. Нәтиже тәуелсіз жобада куәгерлерге, жәбірленушілерге, белсенділер мен адвокаттарға оқиғаның себептері мен жауапкершілік мәселесін түсіндіруге көбірек орын берілгенін көрсетті. Мемлекеттік фильмде жеке қайғыдан кейін баяндау қауіп, қылмыстық сипат, мемлекеттік көмек және тұрақтандыру тақырыптарына ойысады. Сандық нәтиже сөйлеуші тараптардың құрамы, әрекет иесінің аталу тәсілі және монтаж реті арқылы түсіндірілді. Зерттеудің тұжырымдамалық үлесі ұқсас жәбірленушіге қатысты эпизодтардың монтаждағы орны мен кейінгі баяндау бағытына қарай әртүрлі қорытындыға қызмет ететінін көрсетуге негізделеді. Кодтауды бір зерттеуші жүргізгендіктен, тұжырымдар таңдалған төрт фильм аясында қарастырылады.

Кілт сөздер: Қаңтар-2022, деректі фильм, фреймдеу, интерпретациялық өкілет, қауіпсіздік дискурсы, мультимодальды талдау

Кіріспе

Саяси дағдарысты журналистикада түсіндіру фактілерді ретімен берумен шектелмейді. Редакция кімге сөз беретінін, қай дереккөзді алға шығаратынын және себеп пен салдарды қалай байланыстыратынын таңдайды. Мұндай таңдау ақпаратқа қолжетімділікке, редакциялық дербестікке және медиа ұйымының жұмыс жағдайына тәуелді. Kurambayev, Myssayeva және Freedman (2025) шектеулі саяси ортада журналистер кәсіби талаптарды сақтай отырып, институционалдық қысым жағдайында жұмыс істейтінін көрсетеді. Mussa, Myssayeva және Brown (2025) бір саяси дағдарыстың ұлттық және редакциялық ортаға қарай әртүрлі мәселе,

себеп және әрекет иесі арқылы түсіндірілетінін анықтады. Осыған байланысты медианы талдауда «не көрсетілді?» деген сұрақпен қатар «оқиғаны кім түсіндіреді, себеп пен жауапкершілікті кім атайды?» деген сұрақтың да маңызы бар.

Қаңтар оқиғасы – осы мәселені талдауға мүмкіндік беретін нақты жағдай. Karibayeva мен Lemon (2023) президенттік дискурста оқиға терроризм, тұрақтылық және мемлекетті қорғау ұғымдары арқылы түсіндірілгенін көрсетті. Kap және Slamgazhy (2026) мемлекеттік және тәуелсіз қазақстандық медианың қаңтар оқиғасын әртүрлі фреймдегенін анықтады. Олардың зерттеу нәтижелеріне сәйкес, мемлекеттік медиада қоғамдық тәртіп пен қауіп тақырыбы басым болса, тәуелсіз медиада күш қолдану, азаматтық шығын және балама дереккөздерге көбірек орын берілген. Аталған еңбектер оқиға мағынасының дереккөз таңдау, атау беру және жауапкершілікті көрсету арқылы қалыптасатынын көрсетеді. Осы мақала қаңтар оқиғасының саяси себептерін қайта бағалауды мақсат етпейді. Негізгі назар деректі фильмдердің оқиға мағынасын кімнің сөзімен және қандай аудиовизуалды тәсілдер арқылы құратынына аударылады.

Алдыңғы зерттеулер негізінен жаңалық мәтіндерін, президенттік сөздерді, әлеуметтік желідегі пікірлерді немесе әр елдің жаңалық медиасын салыстырды (Karibayeva & Lemon, 2023; Mussa et al., 2025; Troitskiy et al., 2024; Kap & Slamgazhy, 2026). Деректі фильм кейін жиналған куәліктерді, мұрағат кадрларын, диктор мәтінін, музыканы және монтажды бір баяндауға біріктіреді (Nichols, 2017; Renov, 2004). Сол себепті жәбірленуші тәжірибесі бір фильмде оқиғаның себебін ашатын дәлелге, екінші фильмде қауіпсіздік пен тұрақтандыруды негіздейтін эмоциялық тірекке айналуы мүмкін. Мұндай айырманы сөз немесе код жиілігімен ғана анықтау жеткіліксіз. Сөйлеуші тараптардың құрамы, әрекет иесінің аталуы, бейне мен дыбыстың қызметі және монтаждың фильм соңындағы қорытындыға қалай жетелейтіні өзара байланыста талдануы тиіс.

Зерттеу корпусына «Qazaqstan» ұлттық телеарнасының 2022 жылы жарияланған «Қаралы қаңтар» фильмінің екі бөлімі және «Просто журналистика» YouTube арнасының 2024 жылы шыққан «Қаңтар» жобасындағы «Көтеріліс» пен «Қасірет» бөлімдері енгізілді. Мемлекеттік фильм қысқа телевизиялық форматта жасалған, ал тәуелсіз жоба ұзақ цифрлық зерттеу форматын қолданады. Жариялану уақытының екі жыл айырмасы да ескерілді: тәуелсіз жоба кейінгі сот, тергеу және куәлік материалдарына көбірек қол жеткізе алған. Сондықтан зерттеу фильмдердің фактілік толықтығын тең жағдайда бағаламайды. Негізгі салыстыру олардың оқиғаны түсіндіру тәсілдеріне жасалады. Корпустардың ұзақтығы да әртүрлі: тәуелсіз жобаның жалпы көлемі 4 сағат 12 минут 47 секунд, мемлекеттік фильмдікі 40 минут 22 секунд. Сол себепті шикі жиілік тікелей салыстырылмай, әр корпус ішіндегі үлес пен он минутқа шаққандағы көрсеткіш қатар берілді.

Мақаланың мақсаты – Қаңтар-2022 туралы мемлекеттік және тәуелсіз деректі фильмдерде оқиғаны түсіндіру өкілетінің қалай бөлінетінін анықтау. Талдау үш өлшемге сүйенеді. Олар Human Rights және State Security фреймдерінің таралуы, әрекет иесінің аталу тәсілі және нарративтік ауысу. «Интерпретациялық өкілет» құқықтық мағынадағы өкілетті білдірмейді. Ұғым медиабаяндауда мәселені анықтау, себепті түсіндіру, моральдық баға беру, жауапкершілікті атау және шешім ұсыну мүмкіндігінің кімге берілгенін сипаттайды.

Алдыңғы зерттеулер Қаңтар-2022 оқиғасын жаңалық медиасы, президенттік дискурс және әлеуметтік желіде берілуі арқылы талдады (Karibayeva & Lemon, 2023; Mussa et al., 2025; Troitskiy et al., 2024; Kap & Slamgazhy, 2026). Зерттеудің жаңалығы – мемлекеттік және тәуелсіз деректі фильмдерді ортақ кодтау жүйесімен салыстырып, фрейм жиілігін сөйлеуші тараптарға

берілген интерпретациялық өкілетпен, әрекет иесінің аталуымен және монтаждағы баяндау бағытымен бірге қарастыруында. Жәбірленушіге қатысты эпизод Human Rights фрейміне автоматты түрде жатқызылмайды. Оның фильмдегі орны, кейінгі монтажы және қандай қорытындыға қызмет ететіні есепке алынады. Осы тәсіл фрейм жиілігін, дереккөзге берілген интерпретациялық өкілетті және нарративтік ауысуды бір талдау үлгісінде біріктіреді.

Мақсатқа сәйкес екі зерттеу сұрағы қойылды:

1. Мемлекеттік және тәуелсіз деректі фильмдерде интерпретациялық өкілет қай сөйлеуші тараптарға және дереккөздерге беріледі және ол Human Rights пен State Security фреймдерінің таралуымен қалай байланысады?
2. Жәбірленуші дауысы, әрекет иесінің аталу тәсілі және аудиовизуалды монтаж оқиға себебі мен жауапкершілікке қатысты қорытындыны қалай бағыттайды?

Негізгі тұжырым код санынан кеңірек. Тәуелсіз жобада жәбірленушілер, куәгерлер, белсенділер мен адвокаттар оқиғаның себептері мен жауапкершілік мәселесін түсіндіретін негізгі дауыстар ретінде көрінеді. Мемлекеттік фильмде жеке қайғы айқын берілгенімен, кейінгі баяндау қауіп, қылмыстық сипат, мемлекеттік көмек және тұрақтандыру тақырыптарына ойысады. Мақалада осындай мағыналық бағыт өзгерісі «нарративтік ауысу» деп аталады. Ұғым ұқсас жәбірленушіге қатысты эпизодтардың екі медиада әртүрлі қорытындыға қалай қызмет ететінін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Төрт фильмнің толық транскрипттері сөйлем, мағыналық сегмент және аудиовизуалды эпизод деңгейінде талданды. Кодтар MAXQDA 2022 бағдарламасында иерархиялық жүйеге біріктіріліп, құжат-код матрицасы арқылы салыстырылды. Бір үзіндіге бірнеше код берілуі мүмкін. Сондықтан пайыздар бірегей эпизодтардың емес, HR және SS кодтық белгілеулерінің арақатынасын көрсетеді. Корпустардың ұзақтығы әртүрлі болғандықтан, әр фильм ішіндегі үлес пен он минутқа шаққандағы жиілік бірге есептелді. Сапалық талдау сөйлеуші тараптардың құрамын, әрекет иесінің аталуын, сөз-бейне-дыбыс байланысын және монтаж реттілігін қарастырды.

Мақала әдебиетке шолу, аналитикалық модельдер және негізгі ұғымдар, зерттеу әдіснамасы, зерттеу нәтижелері және талқылау бөлімдерінен тұрады. Қорытынды бөлімінде аталған зерттеу туралы қысқаша сипаттама беріліп, болашақта жасалуы қажет зерттеу бағыттары ұсынылады.

Әдебиетке шолу

Фреймдеу, наразылықты медиада көрсету және қауіпсіздендіру

Гоффман фреймді адамның әлеуметтік тәжірибені түсіндіруіне көмектесетін мағыналық үлгі ретінде қарастырды (Goffman, 1974). Энтман медиадағы фреймдеуді шындықтың белгілі бір қырын таңдап, оны алдыңғы қатарға шығару үдерісі деп түсіндіреді. Оның моделінде фрейм төрт қызмет атқарады: мәселені анықтау, себепті түсіндіру, моральдық баға беру және ықтимал шешімді ұсыну (Entman, 1993). Осы себепті фреймдік талдау код санын есептеумен шектелмей, медианың оқиғаға қандай мағына бергенін қарастырады. Scheufele (1999) фреймдеуді медиа өндірісі, мәтін және аудитория өзара байланысатын үдеріс ретінде сипаттайды. Демек, фрейм атау беру, дереккөз таңдау, кадр реті және фильм соңында ұсынылған шешім арқылы құралады. Фреймдік талдауда жауапкершіліктің кімге жүктелетіні ерекше мәнге ие. Iyengar (1991) эпизодтық баяндау жеке оқиға мен адам тағдырына назар аударып, кең әлеуметтік себептерді көмескі қалдыруы мүмкін екенін көрсетеді. Тақырыптық баяндау, керісінше, жеке оқиғаны

әлеуметтік жағдаймен, мемлекеттік институттармен және саяси шешімдермен байланыстырады. Деректі фильмдегі қайғы эпизоды да әртүрлі қызмет атқара алады. Егер жәбірленушінің сөзі тергеу, себеп және жауапкершілікпен байланыстырылса, ол кең қоғамдық мәселенің дәлеліне айналады. Егер қайғыдан кейін баяндау қауіп, көмек және тұрақтандыруға ауысса, сол эпизод қауіпсіздік шараларын негіздеуге қызмет етуі мүмкін. Сондықтан жәбірленуші бейнесінің қанша рет кездескенін ғана емес, оның фильмдегі қызметін де анықтау қажет.

Наразылықты медиада көрсетуге арналған еңбектерде «наразылық парадигмасы» (protest paradigm) деп аталатын тұрақты үлгі сипатталады. Gitlin (1980) негізгі медианың наразылықтың мақсаты мен талабынан гөрі тәртіп бұзу, қақтығыс және ресми дереккөздерге көбірек назар аударатынын көрсетті. Cottle (2008) наразылардың медиада көрінуі мен қоғам тарапынан заңды әрекет иесі ретінде қабылдануы саяси ортаға және медиа жүйеге қарай өзгеретінін атап өтеді. Gruber (2023) журналистік назар наразылықтың себебінен оның өткізілу тәсіліне ауысқанда осы парадигма күшейетінін көрсетті. Харлоу және Браун (2023) бұл үлгіні медиа өндірісі, мәтін және аудитория байланысын бірге қарастыратын сыни модельмен толықтырады.

Кейінгі зерттеулер адамға бағдарланған фреймдердің аудитория бағасына ықпал ететінін көрсетті. Masullo, Brown және Harlow (2024) наразылық білдірушілердің мақсаты мен тәжірибесін түсіндіретін материал олардың қоғамдық қабылдануын жақсарта алатынын анықтады. Жәбірленушіге, белсендіге немесе куәгерге сөз беру осы тұрғыдан редакциялық маңызы бар шешімге айналады. Сөз алған тұлға мәселені атауға, себепті түсіндіруге және ықтимал шешімді ұсынуға ықпал етеді. Демек, дереккөз таңдау мен сөз кезегін бөлу фрейм қалыптастыратын негізгі редакциялық тетіктердің бірі.

Қауіпсіздендіру теориясы саяси немесе әлеуметтік мәселенің аса қатерлі қауіп ретінде қалай ұсынылатынын түсіндіреді. Buzan, Waever және de Wilde (1998) қауіпсіздікті тек нақты қатермен емес, мәселені экзистенциялық қауіп деп жариялайтын дискурспен байланыстырады. Waever (1995) беделді тұлға құбылысты «қауіп» деп атағанда, ерекше шараларды негіздей алатынын көрсетеді. Balzacq (2005) мұндай риториканың әсері сөйлеуші тараптың беделіне, аудиторияға және саяси жағдайға тәуелді екенін атап өтеді. Сондықтан «террорист», «содыр», «қарулы топ», «ұйымдасқан шабуыл» сияқты атаулар жай сипаттама емес, олар қарсы тарапты қауіп ретінде көрсетуі мүмкін. Талдауда осы атауды кім қолданғаны, қандай дәлел келтірілгені және қандай шешім ұсынылғаны бірге қарастырылады.

Деректі фильмнің дауысы және мультимодальды дәлел

Деректі фильм шынайы оқиғаға сүйенеді, бірақ оқиғаны сол қалпында қайталамайды. Мағына кадр таңдау, сұхбаттарды орналастыру, диктор мәтіні, мұрағат бейнесі, дыбыс және монтаж арқылы құрылады. Nichols (1991, 2017) осы тәсілдердің жиынтығын деректі фильмнің «дауысы» деп түсіндіреді. Corner (1996) деректі фильмде шынайылық пен көркем баяндау қатар жүретінін көрсетеді. Aufderheide (2007) оның қоғамдық мәселені түсіндіру мүмкіндігіне назар аударады. Renov (2004) деректі фильм тіркеу, түсіндіру, сендіру және эмоциялық әсер ету қызметтерін атқаратынын айтады. Winston (2008) мұны автордың этикалық және кәсіби жауапкершілігімен байланыстырады.

Куәгер сөзі өздігінен бұлтартпас дәлел болмайды. Оның қалай қабылдануына сұхбат ұзақтығы, кадр жоспары, кейіпкер туралы титр, монтаж, диктор түсіндірмесі және мұрағат бейнесі әсер етеді. Жәбірленушінің сөзі құжаттармен, бейнежазбамен немесе басқа куәгерлердің сөзімен байланыстырылса, ол себеп пен салдарды түсіндіретін дәлелге айналады. Ал қайғы қысқа эмоциялық эпизод ретінде беріліп, одан кейін ресми мәлімет пен қауіп тақырыбы келсе, жәбірленушінің оқиғаны түсіндірудегі орны әлсірейді.

Сыни дискурс талдауы кімге сөз берілгенін және әрекет иесінің қалай аталғанын билік қатынастарымен байланыстырады. van Dijk (1993, 2008) ықпалды топтар қоғамдық тақырыпты, дереккөзді және «біз-олар» жігін қалыптастыруға әсер ететінін көрсетеді. Fairclough (1995) медиамәтінді тілдік таңдау, редакциялық өндіріс және қоғамдық құрылым тоғысатын кеңістік деп қарайды. Сөйлемде әрекет иесі нақты аталса, жауапкершілік те айқынырақ көрінеді. Мысалы, «полиция адамдарды ұстады» деген сөйлем әрекет иесін атайды, ал «адамдар ұсталды» деген құрылым оны көмескі қалдырады.

Деректі фильмде сөз бен бейнені жеке-жеке қарастыру жеткіліксіз. Lu et al. (2025) қақтығыс пен өзара қолдауды көрсететін көріністер аудиторияға әртүрлі әсер ететінін анықтады. Butler мен Larson (2025) зорлық көріністерінің наразылық қозғалысының қоғамдық бейнесін қалыптастыратын фреймдік құрал ретінде қызмет ететінін көрсетті. Zhong et al. (2025) авторитарлық медиада наразылық суреттерін іріктеу саяси жағдаймен байланысты екенін дәлелдеді. Сондықтан деректі фильмдегі мағына мәтін, бейне, дыбыс және монтаждың өзара әрекеті арқылы талданады.

Қаңтар туралы деректі фильмдерде мағына бірнеше арна арқылы беріледі: куәгер сөзі, диктор мәтіні, әуесқой бейне, мұрағат кадры, отбасылық фотосурет, титр, табиғи дыбыс, музыка және үнсіздік. Әр элементтің қызметі эпизодтың фильмдегі орнына қарай өзгереді. Мәселен, дене зақымы көрінісі бір фильмде күш қолданудың салдарын көрсетіп, жауапкершілік мәселесін көтеруі мүмкін. Екінші фильмде сол көрініс қауіптің салдары мен мемлекеттік көмектің қажеттігін негіздеуге қызмет етуі ықтимал. Сондықтан көрнекі материалдың санына қоса, оның қандай сөзбен, дыбыспен және кейінгі монтажбен байланысқаны да талданады.
Atton (2002) баламалы медиа азаматтық дереккөздерге сөз беріп, ресми ақпараттан тыс тәжірибелерді қоғамдық талқылауға шығара алатынын көрсетеді. Бірақ тәуелсіз медиа да бейтарап емес: ол материалды таңдайды, сұхбатты белгілі бір орынға қояды, кадрларды реттейді және дыбыстық сүйемелдеу қолданады. Сондықтан мемлекеттік және тәуелсіз деректі фильмдерді салыстыру олардың мәртебесін атаумен шектелмейді. Негізгі мәселе олардың әрқайсысыеың мағынаны қандай аудиовизуалды тәсілдермен құратындығында.

Қаңтар-2022 жөніндегі зерттеулер және ғылыми олқылық

Қаңтар-2022 жөніндегі зерттеулерді үш бағытқа бөлуге болады. Бірінші бағыт саяси және әлеуметтік себептерді талдайды. Kudaibergenova мен Laruelle (2022) наразылықты саяси легитимдіктің әлсіреуі, әлеуметтік теңсіздік, әділет талабы және элиталық өзгерістермен байланыстырады. Газ бағасының өсуі дағдарыстың бастапқы түрткісі ретінде қарастырылады. Екінші бағыт ресми баяндауға назар аударады. Karibayeva мен Lemon (2023) президенттік сөздерде Қаңтар терроризм, тұрақтылық және мемлекетті қорғау ұғымдары арқылы түсіндірілгенін көрсетті. Бірақ зерттеу жұмысы деректі фильмдегі куәгер таңдауы, музыка, мұрағат кадры мен монтажды талдамайды.

Үшінші бағыт әртүрлі медиадағы фреймдерді салыстырады. Kap және Slamgazhy (2026) мемлекеттік медиада қауіпсіздік пен тұрақтылық, тәуелсіз медиада адам құқықтары мен азаматтық салдар басым болғанын анықтады. Алайда олардың талдауы деректі фильм монтажын негізгі талдау бірлігі ретінде қарастырмайды. Mussa, Myssayeva және Brown (2025) ұлттық және редакциялық ортаның қақтығысты түсіндіруге ықпалын көрсетеді, бірақ зерттеу жаңалық медиасымен шектелген. Karibayeva мен Lemon (2023) ресми дискурстағы терроризм, тұрақтылық және мемлекетті қорғау фреймдерін талдайды, ал куәгер сөзі, бейне, дыбыс пен монтаждың өзара байланысын қарастырмайды. Troitskiy et al. (2024) сарапшылардың әлеуметтік желіде Қаңтарды қалай ұсынғанына назар аударады. Осы шолуда қарастырылған еңбектерде

мәтін, сөйлеуші тараптардың құрамы, әрекет иесінің аталу тәсілі, көрнекі материал, дыбыс, монтаж және Энтманның төрт функциясы бір салыстырмалы үлгіде қатар қолданылмаған. Зерттеу олқылығы осы тұста айқындалады: Қаңтар туралы мемлекеттік және тәуелсіз деректі фильмдерде оқиғаны түсіндіру өкілетінің кімге берілетінін және жәбірленуші тәжірибесінің жауапкершілік мәселесіне немесе қауіпсіздік шараларын негіздеуге қалай жалғанатынын салыстыру қажет.

«Интерпретациялық өкілет» ұғымы осы зерттеуде үш теориялық бағытқа сүйеніп, нақты талдау өлшемдері ретінде айқындалды: Энтманның мәселені анықтау, себепті түсіндіру, моральдық баға беру және шешім ұсыну функциялары (Entman, 1993), Nichols (1991, 2017) сипаттаған деректі фильмнің «дауысы», van Dijk (1993, 2008) пен Fairclough (1995) талдаған сөзге қолжетімділік және әрекет иесін көрсету мәселесі. Ұғым жаңа әмбебап теория ретінде ұсынылмайды. Ол осы зерттеуде оқиғаның мағынасын анықтауға кімнің көбірек мүмкіндік алғанын жүйелі түрде салыстыруға арналған талдау құралы ретінде қолданылады.

Тұжырымдамалық модель және негізгі ұғымдар

Зерттеудің талдау негізі – Энтманның төрт функциялы фрейм моделі (Entman, 1993). Бірінші функция мәселені анықтайды. Екіншісі себепті түсіндіреді. Үшіншісі моральдық баға береді. Төртіншісі ықтимал шешімді ұсынады. Осы мақалада «интерпретациялық өкілет» деген ұғым оқиғаға қатысты мәселені, себепті, бағалауды және ұсынылатын шешімді кімнің сөзі айқындайтынын білдіреді. Сондықтан талдауда кім сөйлейтіні, әрекетті кім жасағаны нақты атала ма, бейне мен монтаж қандай ретпен берілгені бірге қаралды. Осы өлшемдер фильмнің нені көрсеткенін және көрерменді қандай қорытындыға бағыттайтынын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Кодтар екі негізгі фреймге топтастырылды: Human Rights және State Security. Human Rights адам өмірі, бейбіт жиналу, әлеуметтік және саяси талаптар, күш қолдану, азаптау, әділет пен жауапкершілік мәселелерін қамтиды. State Security қоғамдық тәртіп, қылмыс, терроризм, қарулы қауіп, мемлекеттік бақылау, күш құрылымдарының әрекеті және тұрақтандыру тақырыптарын қамтиды. «Жәбірленуші дауысы» деп жәбірленушінің, дене зақымын алған адамның, қаза тапқан адамның туысының немесе азаптау туралы куәлік берген адамның сөзі алынды. Егер осы сөз оқиғаның себебі мен жауапкершілікті түсіндірсе, ол оқиғаны түсіндіретін негізгі дәлел ретінде қаралды. Егер қайғыдан кейін баяндау қауіп пен тұрақтандыруға ауысса, жәбірленушіге қатысты эпизод қауіпсіздік фреймін күшейтеді деп түсіндірілді.

Сөз беру құрылымы кейіпкердің қалай таныстырылғанын және оның сөзіне қандай мәнмәтін берілгенін көрсетеді. Әрекет иесін көрсету – оқиғаның кімнің әрекеті ретінде берілгенін анықтау. Мысалы, «полиция адамдарды ұстады» деген сөйлем әрекет иесін нақты атайды, ал «адамдар ұсталды» деген құрылым жауапты тарапты көмескі қалдырады. Нарративтік ауысу эпизодтың бастапқы мағынасы кейінгі монтаж немесе түсіндірме арқылы басқа қорытындыға бағытталатын жағдайды білдіреді. «Аудиовизуалды фреймдеу» сөз, бейне, дыбыс, музыка, титр және монтаждың бірлесіп мағына жасауын сипаттайды. Осы ұғымдар сапалық талдаудың негізгі өлшемдері ретінде қолданылды.

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеу дизайны және корпус

Зерттеуде сандық және сапалық контент-талдау мәтін, бейне, дыбыс және монтажды өзара

байланыста қарастыратын мультимодальды фреймдік талдаумен біріктірілді. Контент-талдау ұғымы мазмұн бірліктерін жүйелі тіркеу және олардың жиілігін өлшеу әдісі мағынасында қолданылды. Krippendorff (2018) осы әдістің медиамәтіндегі қайталанатын үлгілерді жүйелі анықтауға мүмкіндік беретінін көрсетеді. Алайда жиілік мәнмәтінді толық ашпайды. Richardson (2007) сандық көрсеткіштің астарлы мағынаны өздігінен түсіндіре алмайтынын атап өтеді. Деректі фильмде мағынаға бейне, дыбыс және монтаж да қатысатындықтан, сандық талдау сапалық талдаумен толықтырылды. Сандық бөлім HR (human rights) және SS (state security) кодтарының үлесі мен он минутқа шаққандағы жиілігін көрсетті. Сапалық бөлім кім сөйлегенін, әрекет иесінің қалай аталғанын, сөз, бейне және дыбыстың қалай байланысқанын, монтаждың фильм қорытындысына қалай жетелегенін талдады. Зерттеу таңдалған төрт фильмді жүйелі салыстыруға арналған және бүкіл медиажүйе туралы статистикалық жалпылау жасамайды.

Корпус мақсатты іріктеу арқылы құрылды. Іріктеу төрт өлшемге сүйенді. Біріншісі – материалдың Қаңтар-2022 оқиғасына тікелей арналуы. Екіншісі – деректі фильм немесе деректі бөлім форматында болуы. Үшіншісі – мемлекеттік және тәуелсіз медианы салыстыруға мүмкіндік беруі. Төртіншісі – толық нұсқасының ашық қолжетімді болуы. Осы өлшемдерге «Qazaqstan» ұлттық телеарнасының «Қаралы қаңтар» фильмінің екі бөлімі және «Просто журналистика» жобасының «Көтеріліс» пен «Қасірет» бөлімдері сәйкес келді.

Мемлекеттік корпусқа «Qazaqstan» ұлттық телеарнасының «Қаралы қаңтар» фильмінің екі бөлімі енгізілді. Бірінші бөлімнің ұзақтығы – 20 минут 42 секунд, екінші бөлімдікі – 19 минут 40 секунд. Жалпы ұзақтығы – 40 минут 22 секунд.

Тәуелсіз корпус «Просто журналистика» YouTube арнасының «Қаңтар» жобасындағы «Көтеріліс» және «Қасірет» бөлімдерінен тұрады. «Көтеріліс» – 2 сағат 14 минут 7 секунд, «Қасірет» – 1 сағат 58 минут 40 секунд. Екі бөлімнің жалпы ұзақтығы – 4 сағат 12 минут 47 секунд. Төрт фильмнің жиынтық көлемі 4 сағат 53 минут 9 секундты құрады. Талдау YouTube платформасындағы толық нұсқалар негізінде жүргізілді (Ахмедьяров & Упоров, 2024a, 2024b; Qazaqstan TV, 2022a, 2022b).

Корпустар ұзақтығы, жарияланған уақыты және форматы бойынша әртүрлі. Тәуелсіз жоба ұзақ форматта жасалғандықтан, онда кейіпкерлер мен оқиға желілері көбірек. Мемлекеттік фильм қысқа телевизиялық форматта берілген. Мемлекеттік фильмдер 2022 жылы, тәуелсіз жоба 2024 жылы шыққан. Сондықтан кейінгі сот, тергеу және куәлік материалдарына қолжетімділік те бірдей болмаған. Осы айырмашылықтарға байланысты шикі код саны тікелей салыстырылған жоқ. Негізгі салыстыру әр корпус ішіндегі фрейм үлесіне, он минутқа шаққандағы жиілікке және эпизодтардың баяндаудағы қызметіне сүйенді. Бұл ерекшеліктер зерттеу шектеуі ретінде ескерілді.

Кесте 1. *Зерттеу корпусы және бастапқы код саны*

Бөлім	**Ұзақтығы**	**HR, n**	**SS, n**	**VIS, n**	**Барлығы, n**
Көтеріліс	2:14:07	54	22	1	77
Қасірет	1:58:40	35	5	8	48
ҚҚ-1	0:20:42	7	12	0	19
ҚҚ-2	0:19:40	3	24	0	27
Барлығы	4:53:09	99	63	9	171

Ескерту. ҚҚ-1 және ҚҚ-2 – «Қаралы қаңтар» фильмінің бірінші және екінші бөлімдері. HR және SS – сандық фреймдік талдауға енгізілген кодтық белгілер. VIS белгілері (n=9) бөлек сақталып, көрнекі материал, дыбыс және монтаж байланысын қарастыратын сапалық мультимодальды талдауда қолданылды. Корпустардың ұзақтығы әркелкі болғандықтан, шикі жиілік негізгі салыстыру өлшемі ретінде алынбады.

Деректерді дайындау және талдау бірлігі

Төрт фильмнің толық транскрипттері пайдаланылды. Транскрипттерде сөйлеуші тараптың атауы немесе мәртебесі, уақыт коды, диктор мәтіні, кадр мазмұны, мұрағат дереккөзі, камера жоспары және естілетін дыбыс белгіленді. Техникалық өңдеу кезінде орфографиялық қателер түзетіліп, аралас тілдегі қолданыстар біріздендірілді. Бастапқы мағына өзгертілген жоқ. Талдауда үш деңгей ажыратылды. Кодтау бірлігі – аяқталған сөйлем немесе бір мағынаны білдіретін сөйлеу үзіндісі. Мәнмәтін бірлігі – сол үзінді кіретін толық аудиовизуалды эпизод. Сандық талдаудағы есеп бірлігі – кодтық белгілеу. Бірнеше сөйлем бір көрініс пен ортақ ойға бағынса, олар бір мәнмәтіндік блок ретінде қаралды. Бейне сөзді растаған, толықтырған немесе оған қайшы келген жағдайда арнайы мультимодальды белгі қойылды. Мұндай бөлу код санын бірегей эпизод санымен, экран уақытымен немесе сөйлеу ұзақтығымен шатастырмауға мүмкіндік береді.

Кодтау тәртібі және тексеру

Кодтау екі тәсілді біріктірді. Алдымен транскрипттер бірнеше рет оқылып, қайталанатын мағыналарға бастапқы кодтар берілді. Кейін осы кодтар Энтманның мәселені анықтау, себепті түсіндіру, моральдық баға беру және шешім ұсынумен секілді төрт функциясымен салыстырылып, Human Rights (HR) және State Security (SS) негізгі фреймдеріне біріктірілді. Бір үзінді бірнеше мағыналық қызмет атқарса, оған бірнеше код берілді. Сондықтан әр фильмге бір ғана басым фрейм тағайындалған жоқ. Код саны бірегей көрініс санын немесе экран уақытын білдірмейді.

Human Rights тобына адам шығыны, дене зақымы, бейбіт наразылық, әлеуметтік және саяси талаптар, күш қолдану, азаптау, әділет пен жауапкершілік кодтары кірді. State Security тобына тәртіпсіздік, терроризм, қылмыстық қауіп, арандату, қарулы топ, мемлекеттік бақылау, күш құрылымдарының әрекеті, мемлекеттік көмек және тұрақтандыру кодтары енгізілді. VIS санаты кадр, мұрағат бейнесі, дене зақымы немесе қайғы көрінісі, қару, қирау және өзге де көрнекі белгілерді қамтыды. HR/SS кодтары сандық салыстыруға, VIS кодтары мәтін, бейне, дыбыс пен монтажды өзара байланыста қарастыратын сапалық талдауға қолданылды.
Барлығы 171 кодтық белгілеу тіркелді: «Көтерілісте» – 77, «Қасіретте» – 48, «Қаралы қаңтардың» бірінші бөлімінде – 19, екінші бөлімінде – 27. Оның 162-сі HR немесе SS негізгі фреймдеріне, тоғызы VIS санатына жатады. Мағынасы жақын ішкі кодтар кодтар топтарына біріктірілді. Бастапқы код атаулары сапалық талдауда сақталды. Бір сегментке бірнеше код берілген жағдайлар қайталану ретінде жойылған жоқ, өйткені әр код үзіндінің бөлек мағыналық қызметін көрсетеді.

VIS кодтары төрт фильмге бірдей көлемде қойылмағандықтан, олар HR/SS пайызына және он минуттық жиілікке енгізілген жоқ. MAXQDA 2022 кодтарды жүйелеу, кодталған үзінділерді қайта табу және құжат-код матрицасын салыстыру үшін қолданылды. Бағдарлама көрсеткен жиілік дайын қорытынды ретінде қабылданған жоқ. Әр көрсеткіш сапалық мәнмәтінмен бірге түсіндірілді. Code Matrix Browser төрт фильмдегі кодтардың таралуын бір кестеде салыстыруға мүмкіндік берді.

Кесте 2. *Фреймдерді кодтау өлшемдері*

Санат	Анықтама	Кодтау өлшемі	Ескерту
Human Rights (HR)	Адам өмірі, дене зақымы, бейбіт наразылық, әлеуметтік/саяси талап, күш қолдану, азаптау, әділет және жауапкершілік.	Үзінді азаматтың құқығын, талабын, шеккен зиянын немесе жауапкершілік мәселесін ашса.	Қайғы көрінісі өздігінен HR деп есептелмейді; оның кейінгі баяндаудағы қызметі ескеріледі.
State Security (SS)	Қоғамдық тәртіп, қылмыс, терроризм, қарулы қауіп, мемлекеттік бақылау, күш құрылымдарының әрекеті, тұрақтандыру және мемлекеттік көмек.	Үзінді оқиғаны қауіп, тәртіп бұзу немесе мемлекеттік жауап шаралары арқылы түсіндірсе.	State Security фреймі бүкіл мақалада SS белгісімен берілді.
VIS	Кадр, мұрағат бейнесі, дене зақымы/қайғы көрінісі, қару, қирау және басқа көрнекі белгі.	Көрініс сөзді растағанда, толықтырғанда немесе оған қайшы келгенде.	VIS кодтары бірдей көлемде қойылмағандықтан, HR/SS пайызына кірмейді; тек сапалық талдауда қолданылады.

Ескерту. Бір үзіндіде бірнеше мағыналық белгі қатар көрінсе, оған бірнеше код берілуі мүмкін. Сондықтан код саны бірегей эпизод санымен, экран уақытымен немесе сөйлеу ұзақтығымен теңестірілмейді.

Кесте 3. *Жиі кездескен кодтар топтарының корпус бойынша таралуы*

Кодтар тобы	Тәуелсіз корпус, n	Мемлекеттік корпус, n	Барлығы, n
HR10 – күш қолдану және құқықтық шектеу	16	0	16
SS1 – қылмыстық сипат беру және қауіп	11	5	16
HR9 – әлеуметтік талап	13	0	13
HR13 – саяси ұран және билікке сын	12	0	12
HR4 – қаза, дене зақымы және өмірді қорғау	10	2	12
SS4 – бақылау және мемлекеттік жауап	6	4	10
SS5 – мемлекеттік көмек және шешім	1	9	10
HR20 – айыпқа күмән және дәлел	8	0	8
HR22 – азаптау	8	0	8
HR8 – бейбіт наразылық	6	0	6
Басқа HR/SS кодтары	25	26	51

Кодтар тобы	**Тәуелсіз корпус, n**	**Мемлекеттік корпус, n**	**Барлығы, n**
HR+SS барлығы	116	46	162

Ескерту. Кестеге жалпы жиілігі 6 және одан жоғары кодтар топтары енгізілді. Бір үзіндіге бірнеше код берілуі мүмкін, сондықтан n бірегей эпизодтар санын білдірмейді.

Деректерді есептеу және салыстыру

Сандық талдауда екі көрсеткіш қолданылды. Біріншісі – әр фильм немесе корпус ішіндегі фрейм үлесі: фрейм үлесі (%) = n(HR немесе SS) / [n(HR) + n(SS)] × 100. Нәтиже бір ондық таңбаға дейін дөңгелектелді. Екіншісі – фильм ұзақтығындағы айырманы ішінара ескеретін он минуттық жиілік: n(фрейм) / фильм ұзақтығы (минут) × 10. Бұл нәтиже екі ондық таңбаға дейін дөңгелектелді. Екі көрсеткіш кодтық белгілеулердің таралуын сипаттайды. Олар экран уақытының, сөйлеу ұзақтығының немесе бірегей эпизодтар үлесінің өлшемі болып саналмайды.

Он минуттық жиілік ұзақ фильмде код саны табиғи түрде көбірек болуы мүмкін екенін ішінара ескеру үшін қолданылды. Бұл есеп ұзақтық айырмасын азайтады, бірақ екі корпусты толық теңестірмейді. Корпус кездейсоқ іріктелмеген және бір сегментке бірнеше код берілуі мүмкін. Сондықтан кодтық белгілеулер бір-бірінен тәуелсіз статистикалық бақылау ретінде қарастырылмайды. Осы себепті статистикалық мәнділік тесттері жүргізілген жоқ. Сапалық талдау төрт қадаммен өтті. Алдымен сегменттің HR/SS фреймі анықталды. Кейін сөйлеуші тарап пен әрекет иесі белгіленді. Үшінші қадамда сөз, бейне және дыбыс байланысы қаралды. Соңында эпизодтың кейінгі монтаж арқылы фильмнің жалпы қорытындысына қалай қызмет еткені түсіндірілді.

Сенімділік және зерттеу этикасы

Сандық нәтижелер MAXQDA 2022-дегі құжат-код матрицасы арқылы қайта тексерілді. 171 кодтық белгі төрт фильм бойынша қайта саналып, HR, SS және VIS топтарының жалпы санымен салыстырылды. Кестелер бастапқы кодтау деректерімен де тексерілді. Кодтауды бір зерттеуші жүргізгендіктен, кодтаушылар арасындағы келісім коэффициентін есептеу мүмкін болмады. Сондықтан кодтау сенімділігіне қатысты тұжырымдар осы шектеуді ескере отырып түсіндіріледі. Сенімділікті күшейту үшін кодтау өлшемдері алдын ала бекітілді, даулы үзінділер қайта оқылды, уақыт кодтары транскриптпен салыстырылды және жиіліктер қайта есептелді. Кейінгі зерттеуде кодтау нұсқаулығын екінші кодерге тәуелсіз қолданып, келісім коэффициентін есептеу осы модельдің қайталанымдылығын тексеруге мүмкіндік береді. Зерттеу ашық жарияланған медиаматериалдарға сүйенеді. Жаңа сұхбат, сауалнама немесе жеке дерек жиналған жоқ. Қаза, дене зақымы және азаптау эпизодтары талдауға қажет көлемде сипатталды. Зерттеу куәліктің құқықтық ақиқатын анықтаудан гөрі, фильмде мағынаның қалай құрылғанын талдайды.

Авторлар осы зерттеудің бірқатар шектеулері бар екендігін мойындайды. Зерттеудің жеті шектеуі бар. Біріншіден, екі корпустың ұзақтығы тең емес. Әр фильм ішіндегі үлес пен он минутқа шаққандағы жиілік бұл айырманы ішінара ескергенімен, формат пен өндірістік мүмкіндік әсерін толық теңестірмейді. Екіншіден, кодтауды бір зерттеуші жүргізді, сондықтан кодтаушылар арасындағы келісім көрсеткіші есептелмеді. Үшіншіден, VIS (көрнекі материал) кодтары төрт фильмге бірдей көлемде қойылмаған. Осыған байланысты көрнекі материалға

қатысты нәтиже сапалық деңгейде талданды. Төртіншіден, барлық үзіндіде аяқталу уақыты мен сөйлеуші тарап туралы белгі бірдей толық тіркелмеген. Сондықтан экран уақыты, сөйлеу ұзақтығы және кодтардың нақты қатар кездесу матрицасы есептелмеді. Бесіншіден, мемлекеттік фильмдер 2022 жылы, тәуелсіз жоба 2024 жылы шыққан. Кейінгі сот, тергеу және куәлік материалдарына қолжетімділік, сондай-ақ деректі баяндауды құру мүмкіндігі бірдей болмаған. Осы себепті корпустар арасындағы айырманы медиа мәртебесінің дербес әсері деп қарастыруға болмайды. Алтыншыдан, бір сегментке бірнеше код берілуі мүмкін. Демек, кодтық белгілеулер бір-бірінен тәуелсіз статистикалық бақылау ретінде қарастырылмайды. Осыған байланысты статистикалық мәнділік тесттері жүргізілген жоқ, ал пайыздар сипаттамалық көрсеткіш ретінде берілді. Жетіншіден, қорытынды таңдалған төрт фильмге қатысты және бүкіл мемлекеттік немесе тәуелсіз медиажүйеге жалпыланбайды.

Зерттеу нәтижелері

Фреймдердің үлесі және он минуттық жиілігі

MAXQDA 2022-де 171 кодтық белгілеу тіркелді. Оның 162-сі Human Rights және State Security фреймдеріне, тоғызы VIS санатына жатты. «Просто журналистика» корпусындағы 116 HR+SS белгілеудің 89-ы Human Rights, 27-сі State Security болды. Үлесі тиісінше 76,7% және 23,3%. «Qazaqstan» корпусындағы 46 HR+SS белгілеудің 10-ы Human Rights, 36-сы State Security болды. Үлесі – 21,7% және 78,3%.

Жеке фильмдерде де осы айырмашылық көрінді. «Көтерілістегі» 76 HR+SS белгілеудің 54-і Human Rights, 22-сі State Security болды. Үлесі – 71,1% және 28,9%. Он минутқа шаққандағы жиілік тиісінше 4,03 және 1,64. «Қасіреттегі» 40 HR+SS белгілеудің 35-і Human Rights, бесеуі State Security болды. Human Rights үлесі 87,5%. Он минуттық жиілік – 2,95 және 0,42.

«Қаралы қаңтардың» бірінші бөлімінде State Security үлесі 63,2%, екінші бөлімінде 88,9% болды. Екінші бөлімдегі State Security жиілігі он минутқа шаққанда 12,20 болды. Бұл төрт фильм ішіндегі ең жоғары көрсеткіш.

Бұл көрсеткіштер экран немесе сөйлеу уақытының үлесін емес, HR+SS кодтық белгілеулерінің таралуын көрсетеді. Тәуелсіз жобада адам құқықтары, әлеуметтік талап, күш қолдану және куәгерлікке қатысты кодтар жиірек кездесті. Мемлекеттік фильмде қауіп, мемлекеттік жауап, көмек, тұрақтандыру және наразылықтың қоғамдық заңдылығын әлсірететін кодтар жиірек белгіленді. Бұл айырмашылық статистикалық мәнділік туралы қорытынды емес. Ол таңдалған төрт фильмдегі сипаттамалық таралуды көрсетеді.

Кесте 4. *Human Rights және State Security фреймдерінің нормаланған таралуы*

Фильм / корпус	HR, n (%)	SS, n (%)	HR / 10 мин.	SS / 10 мин.
Көтеріліс	54 (71,1)	22 (28,9)	4,03	1,64
Қасірет	35 (87,5)	5 (12,5)	2,95	0,42
Қаралы қаңтар–1	7 (36,8)	12 (63,2)	3,38	5,80
Қаралы қаңтар–2	3 (11,1)	24 (88,9)	1,53	12,20
Тәуелсіз корпус	89 (76,7)	27 (23,3)	3,52	1,07

Фильм / корпус	HR, n (%)	SS, n (%)	HR / 10 мин.	SS / 10 мин.
Мемлекеттік корпус	10 (21,7)	36 (78,3)	2,48	8,92

Ескерту. Пайыздық үлес әр фильмдегі HR+SS кодтық белгілерінің жалпы санынан есептелді. Он минуттық жиілік фильмнің толық ұзақтығына негізделді. VIS белгілері пайыздық есепке енгізілмеді. Көрсеткіштер экран уақытын немесе сөйлеу ұзақтығын білдірмейді.

Кодтардың мазмұнында да тұрақты айырмашылық байқалды. Тәуелсіз жобада әлеуметтік талап, күш қолдану, саяси сын, қаза және азаптау кодтары жиі кездесті. Мемлекеттік фильмде қауіп, шабуыл, мемлекеттік көмек және тұрақтандыру кодтары басым болды. Бірақ код саны эпизодтың көрерменге әсерін өлшемейді. Сондықтан жиілік уақыт коды, сөйлеуші тараптың мәртебесі және аудиовизуалды мәнмәтінмен бірге түсіндірілді.

Сандық және сапалық талдау бір бағыттағы айырмашылықты көрсетті. Тәуелсіз жобада оқиғаның мәнін белсенділер, куәгерлер, жәбірленушілер, туыстар, адвокаттар және журналистер түсіндіреді. Баяндаудың өзегі әлеуметтік талап, күш қолдану, әділет және жауапкершілік мәселелеріне құрылады. Мемлекеттік фильмде түсіндіру өкілеті көбіне ресми органдарға, полиция мен әскер өкілдеріне беріледі. Баяндау қауіп, тәртіпсіздік, қылмыс, мемлекеттік көмек және тұрақтандыру тақырыптарына бағытталады. Келесі бөлімдер осы айырмашылықты сөйлеуші тараптардың құрамы, әрекет иесінің аталуы, көрнекі материал және фильмнің қорытындысы бойынша талдайды.

Тәуелсіз жобадағы әлеуметтік себептер мен куәгер сөзі

«Көтеріліс» бөлімі Қаңтарды бұрынғы тарихи трагедиялармен байланыстыратын символдық прологтан басталады. Төңкерілген қазан бейнесі, Желтоқсан-1986 және Жаңаөзен-2011 туралы титрлар оқиғаны жай тәртіпсіздік ретінде емес, тарихи жалғастықта түсіндіреді. Кейін Жаңаөзендегі газ бағасына қатысты талаптар, жұмысшылар мен тұрғындардың пікірлері беріледі. 01:04-03:08 аралығында белсенділер митингінің басталуын, әкімдікпен келіссөзді және наразылықтың әлеуметтік себептерін түсіндіреді. Алғашқы минуттардан мәселе әлеуметтік теңсіздік, өндіріс байлығын бөлу және билік пен қоғам арасындағы сенім дағдарысы арқылы қойылады.

HR9 «әлеуметтік талап» коды 13 рет белгіленді. Фильм наразылықты газ бағасымен ғана байланыстырмайды. Жалақы, өндірістің тозуы, делдалдық және мемлекеттік жауапсыздық мәселелерін де көтереді. 06:21-07:08 аралығындағы аймақаралық қолдау, тамақ пен шұбат дайындау, жолдағы адамдарға көмектесу көріністері азаматтардың өзара қолдауын көрсетеді. HR11 «өзара көмек» және HR12 «жұмылу» кодтары наразыларды ретсіз топ емес, ортақ талаппен ұйымдасқан азаматтар ретінде көрсетеді.

Кейін фильмге арандату, әкімшілік ғимараттарға шабуыл, тонау, қару және қауіпсіздік тақырыбы кіреді. 39:35-42:24 аралығындағы Алматы әкімі мен Президент үндеулері қауіп, бақылау және заңсыз әрекет туралы ресми риториканы күшейтеді. Одан кейін берілген әуесқой бейнелер көшедегі тұрақсыздық пен күшпен ұстау көріністерін көрсетеді. Осы монтаж ресми мәлімдемелерді куәгер сөзі және оқиға орнындағы кадрлармен қатар қояды.

51:21 минуттағы Орал эпизодында журналист Тимур Умаров жарық-шу гранаталары мен арнайы жасақ әрекетін сипаттайды. Кейін Макс Боқаев бейбіт қатысушыларды әкімдікке бет алған топтан ажыратып, арандатуды тоқтатуға шақырғанын айтады. 1:12:09 минутта адвокат

Ләззат Жапашева талап қойған азаматтарды ғимараттарды өртеген топтан бөліп көрсетіп, күш құрылымдарының жауапкершілігін көтереді. 1:40:21 минуттағы Айдар Ерғали сөзі оқиға видеоларымен қатар беріледі. Осы тәсіл куәгер сөзі мен көрнекі материалды бір дәлел желісіне біріктіреді.

HR20 «айыпқа күмән және дәлел» коды ресми нұсқаны толық жоққа шығармайды. Оның барлық эпизодты түсіндіруге жеткілікті-жеткіліксіз екенін тексереді. Соның нәтижесінде фильм Қаңтарды қарапайым «халық-мемлекет» қарсыласуы ретінде емес, бейбіт қатысушылар, арандатушы топтар және күш құрылымдары қатар әрекет еткен күрделі қақтығыс ретінде ұсынады.

«Қасірет» бөлімінде назар наразылық барысынан оның адамдық және құқықтық салдарына ауысады. HR4 «қаза мен дене зақымы» он рет, HR22 «азаптау» сегіз рет, HR20 «айыпқа күмән» жеті рет, HR10 «күш қолдану» алты рет белгіленді. Жәбірленушілер, туыстар, зардап шеккен азаматтар және адвокаттар оқиғаны түсіндіретін негізгі дереккөздерге айналады. Олардың әңгімелері тергеу, қару түрі, ұстау, азаптау, медициналық салдар және сотқа сенім мәселелерін көтереді.

Тәуелсіз жобада жәбірленуші дауысы үш қызмет атқарады. Біріншісі – оқиғаның адамға тигізген салдарын көрсету. Дене зақымы, қаза және азаптау туралы сөздер статистиканы нақты адам тәжірибесімен байланыстырады. Екіншісі – себеп пен жауапкершілікті іздеу. Туыстар оқтың қай жақтан келгенін, тергеудің қашан басталғанын және қандай дәлел жиналғанын сұрайды. Үшіншісі – мемлекеттік және құқықтық институттардың әрекетін бағалау. Адвокаттар мен құқық қорғаушылар жеке оқиғаны тергеу сапасы, азаптау тәжірибесі және сотқа сенім мәселесімен байланыстырады. Осылайша жәбірленуші эмоциялық кейіпкер ретінде ғана берілмей, оқиғаны түсіндіретін дереккөзге айналады. Осы ерекшелік мемлекеттік корпуста жәбірленуші дауысының қандай баяндау желісіне қосылатынын салыстыруға негіз береді.

Мемлекеттік фильмдегі қайғыдан қауіпсіздік пен тұрақтандыру желісіне өту

«Қаралы қаңтардың» бірінші бөлімі адамдық трагедиядан басталады. 01:20 минуттан ағайынды Мәулен мен Дәуреннің ата-анасынан айырылуы баяндалады. Анасының портреті, отбасылық суреттер, өртенген көлік пен зират көрінісі қайғы фреймін күшейтеді. 07:06 минуттан Шолпан Бегайдарованың дәріхана іздеу кезінде оққа ұшып, дене зақымын алғаны көрсетіледі. Алғашқы тоғыз минутта қаза, дене зақымы, бейбіт тұрғын және отбасы қайғысына қатысты Human Rights белгілері басым. Бірақ күш қолданған тарап нақты аталмайды. «Адасқан оқ», «белгісіз атыс» және «қырғын» сияқты тіркестер әрекет иесін көмескі қалдырады. Жәбірленушілердің қайғысы көрсетілгенімен, оқиғаның себебі мен жауапкершілігі ашық қалдырылады. Осыдан кейін баяндау қауіпсіздік тақырыбына ауысады. 09:50 минуттан полиция мен әскерилерге төнген қауіп баяндалады. 10:32 минутта терроризм істері, жаппай тәртіпсіздік, күдіктілер мен қамауға алынғандар жөніндегі ресми статистика беріледі. Кадрда ұсталған адамдар, ұрланған техника және қираған нысандар көрсетіледі. 11:02 минутта полиция қызметкері қарсы тарапты есірткі немесе ішімдік әсеріндегі «содырлар» деп сипаттайды. Осылайша жеке қайғы қылмыстық статистика мен қауіпті топ бейнесіне ұласады.

Келесі блокта тонау, қирату және коммерциялық шығын алдыңғы қатарға шығады. Дүкен менеджері мүліктің әдейі жойылғанын айтады. Психолог тобыр әрекетін адамның жеке бақылауын жоғалтуымен түсіндіреді. Осы пікірлер әлеуметтік талапты кейінге ысырып, қатысушыларды саяси талап иелері емес, тәртіпсіз тобыр ретінде көрсетеді. SS1 «қылмыстық сипат беру және қауіп», SS7 «наразылықтың заңдылығын әлсірету» және SS13 «әрекет иесін көмескі беру» кодтары осы бағытты күшейтеді. 14:58 минуттан фильм қалпына келтіру мен

мемлекеттік көмек тақырыбына өтеді. Өртенген телеарнаны қалпына келтірген қызметкерлер, ардагерлер мен еріктілер көрсетіледі. Финалда шығынды өтеу, материалдық қолдау және мемлекеттік қамқорлық алға шығады. Соның нәтижесінде жеке трагедия жауапкершілікті анықтауға емес, тұрақтандыру шараларын негіздеуге қызмет етеді.

Екінші бөлімде State Security фреймі күшейеді. Музей қызметкерлері, зардап шеккен жауынгерлер және мәдени мұраны қорғау көріністері полиция мен әскерилерді қорғалуға тиіс топ ретінде танытады. Қару, арматура, бронежилет пен каска туралы мәліметтер жастар бейнесін қауіппен байланыстырады. 08:28 минуттан әскери бөлім командирі алаңдағы адамдардың қаруланғанын баяндайды. Жауынгерлердің дене зақымы, міндетке адалдығы және табандылығы қатар көрсетіледі. 09:34 минуттағы диктор сөзі алаңға шыққандардың нақты талап қоймағанын айтады. Әлеуметтік және саяси себептер айтылмаған соң, наразылық хаос пен арандату ретінде түсіндіріледі. 10:39-11:35 аралығында «содыр», «лаңкес», «жоғары деңгейде дайындалған», «снайпер» сияқты атаулар қолданылады. Қарсы тарап азаматтық қатысушыдан ұйымдасқан әскери қауіп бейнесіне ауысады. Полиция қорғанушы және тәртіпті қалпына келтіруші күш ретінде ұсынылады. Екінші бөлімде State Security кодтық белгілеулерінің үлесі 88,9%-ға жетуі осы бағыттың басымдығын көрсетеді.

Оқиға мағынасын кім түсіндіреді және жауапкершілік қалай бөлінеді?

Алдыңғы екі бөлімдегі фреймдер арасындағы айырмашылық сөйлеуші тараптарға берілген түсіндіру өкілеті мен жауапкершілікті атау тәсілінен де анық көрінеді. Екі медиада да қарапайым азаматтар сөйлейді, бірақ олардың баяндаудағы рөлі әртүрлі. «Просто журналистикада» белсенділер, куәгерлер, жәбірленушілер, туыстар, адвокаттар мен журналистер оқиғаның себептерін түсіндіретін негізгі сөйлеуші тараптар. Олар наразылықтың басталуын, талаптардың өзгеруін, күш қолдануды және кейінгі құқықтық үдерістерді өз тәжірибесі арқылы баяндайды. Пікірлер қайшы келгенде фильм бірнеше нұсқаны қатар береді. Ал, «Qazaqstan» фильмінде азаматтар көбіне жәбірленуші, куәгер, көмек алушы немесе қауіпке ұшыраған адам ретінде көрінеді. Себепті түсіндіру және шешім ұсыну өкілеті негізінен ресми органдарға, полиция мен әскерге беріледі. Мемлекет ақпарат көзі, қорғаушы, көмек беруші және тұрақтандырушы күш ретінде көрсетіледі. Наразылық ұйымдастырушылары мен белсенділердің дербес сөзі шектеулі.

Жауапкершілікті көрсету тәсілі де өзгеше. Тәуелсіз жобада әрекет иесі жиі нақты аталады: «полиция ұстады», «арнайы жасақ күш қолданды», «белгісіз топ ғимаратқа кірді», «азаматтар талап қойды», «билік жауап бермеді». Мемлекеттік фильмде азаматтардың қаза болуы мен дене зақымын алуына жауапты тарап көбіне нақты көрсетілмейді. Ал, тонау мен шабуыл белгілі бір қарсы топтарға жүктеледі. Соның нәтижесінде азаматтарға жасалған зорлық жалпы қасірет ретінде, ал мемлекетке қарсы зорлық нақты қауіп ретінде беріледі.

Нарративтік ауысу: эпизод мағынасының фильм бойындағы өзгеруі

Сөйлеуші тараптар мен әрекет иесін атаудағы осы айырмашылық монтаждағы баяндау бағытымен жалғасады. Екі медиада эпизод мағынасы фильмнің басынан соңына дейін әртүрлі бағытта өзгереді. Тәуелсіз жобада әлеуметтік талап пен куәгер сөзі кейін күш қолдану, азаптау және құқықтық жауапкершілік мәселесіне жалғасады. Осы реттілік жеке адамның тәжірибесін кең қоғамдық проблемаға айналдырады.

Мемлекеттік фильмде қаза мен дене зақымы алдымен эмоциялық өзек ретінде беріледі. Кейін баяндау қылмыстық қауіп, тонау, мемлекеттік көмек және тұрақтандыру тақырыптарына өтеді. Соның нәтижесінде қайғы жауапкершілікті анықтаудан гөрі қауіпсіздік пен қалпына

келтіру шараларын негіздеуге көбірек қызмет етеді.

Сөз, бейне, дыбыс және монтаждың бірлескен қызметі

Баяндау бағытының өзгеруін сөз, бейне, дыбыс және монтаждың өзара байланысы нақтылай түседі. Тәуелсіз жобада әуесқой бейне мен куәгер сөзі бірін-бірі толықтырып, дәлел ретінде беріледі. Мұрағат кадрлары кейіпкер сөзін растайды немесе ресми мәлімдememен қайшылыққа түседі. Ұзақ формат кейіпкерлердің ойын кеңірек беруге мүмкіндік береді. Кейіпкерді оқиға орнында немесе сөз болып отырған кеңістікте түсіру жеке тәжірибені қоғамдық жағдаймен байланыстырады. Мемлекеттік фильмде эпизодтар арасындағы байланысты көбіне диктор мәтіні жасайды. Қайғы эпизодтарында портрет, отбасылық сурет, зират және дене зақымы көріністері беріледі. Қауіп тақырыбында қару, қираған нысандар, ұсталған адамдар, ресми статистика және полиция сөзі қатар қолданылады. Финалда көмек, қалпына келтіру және мемлекеттік қолдау алдыңғы қатарға шығады. Осы реттілік баяндауды жеке қасіреттен қауіпке, одан тұрақтандыруға алып келеді.

Бірдей мазмұндағы кадр екі медиада әртүрлі қызмет атқарады. Тәуелсіз жобада дене зақымы көрінісі күш қолдану мен жауапкершілік туралы сұрақ туғызады. Мемлекеттік фильмде сол көрініс қауіптің салдары мен көмек қажеттігін көрсетеді. Тәуелсіз медиада мұрағат бейнесі ресми нұсқаны тексеруге қолданылса, мемлекеттік фильмде диктор сөзін бекітеді. Демек, кадр мағынасы оның мазмұнына, қандай сөзбен берілгеніне және монтаждағы орнына тәуелді.

Зерттеу нәтижелерін қорытындылайтын болсақ, сандық және сапалық талдау үш негізгі айырмашылықты айқындады. Біріншіден, тәуелсіз жобада Human Rights, мемлекеттік фильмде State Security фреймі басым. Екіншіден, тәуелсіз жобада себеп пен жауапкершілікті түсіндіруге куәгерлер, жәбірленушілер, белсенділер және адвокаттар көбірек қатысады. Мемлекеттік фильмде бұл міндет ресми дереккөздерге көбірек жүктеледі. Үшіншіден, дене зақымы, қирау немесе мұрағат кадры монтаждағы орнына қарай әртүрлі мағына атқарады. Нәтижелер әрекет иесін нақты атаудың, әртүрлі дереккөздерді бір өлшеммен тексерудің және көрнекі материалдың кейінгі баяндауда қандай қорытындыға қызмет ететінін ескерудің маңызын көрсетеді.

Талқылау

Алдыңғы бөлімде анықталған сандық және сапалық айырмашылықтар оқиғаның тақырыбынан гөрі оны кім түсіндіретініне, жауапкершіліктің кімге жүктелетініне және жәбірленушіге қатысты эпизодтың қандай қорытындыға жалғанатынына байланысты. Тәуелсіз корпуста Human Rights үлесі 76,7%, он минутқа шаққандағы жиілігі 3,52 болды. Мемлекеттік корпуста State Security үлесі 78,3%, он минутқа шаққандағы жиілігі 8,92 болды. Энтманның фреймдеу үлгісі бойынша «Просто журналистика» мәселені әлеуметтік талап, құқық бұзу және әділет мәселесі арқылы түсіндіреді (Entman, 1993). Себептер әлеуметтік теңсіздік, биліктің жауапсыздығы, арандату және күш қолданумен байланысады. Шешім ретінде әділ тергеу, сот, жауапты тұлғаларды анықтау және қоғамдық жады мәселелері алға шығады. «Qazaqstan» ұлттық арнасының деректі фильмі оқиғаны қауіпсіздік дағдарысы, қылмыс және ұйымдасқан шабуыл арқылы түсіндіреді. Себеп қарулы немесе арандатушы топтарға жүктеледі. Мемлекет қорғаушы және тәртіп орнатушы күш ретінде көрсетіледі. Шешім күш құрылымдарының әрекеті, тұрақтандыру, көмек және қалпына келтіру арқылы беріледі.

Бұл айырмашылықты алдымен наразылық парадигмасы арқылы түсіндіруге болады. Наразылық парадигмасы негізгі медианың ресми дереккөзге, қақтығысқа және тәртіп бұзу

белгілеріне басымдық беруі мүмкін екенін көрсетеді (Gitlin, 1980; Cottle, 2008; Gruber, 2023). Мемлекеттік фильмдегі «талап қойған жоқ» деген тұжырым наразылықтың саяси мазмұнын әлсіретеді және оны мәні жоқ зорлық ретінде көрсетуге жақындатады. Кімге сөз берілгені де осы фреймнің бөлігі. Тәуелсіз жобада куәгерлер мен белсенділер себепті өздері түсіндіреді. Мемлекеттік фильмде негізгі түсіндіру ресми тұлғаларға тиесілі.

Мемлекеттік фильмдегі қауіп фреймінің күшеюін қауіпсіздендіру теориясы нақтылай түседі. Қауіпсіздендіру теориясы мәселені аса қатерлі қауіп ретінде көрсету төтенше шараларды қажетті шешім ретінде қабылдатуы мүмкін екенін түсіндіреді (Buzan et al., 1998; Wæver, 1995). Мемлекеттік фильмнің екінші бөлімінде жастар біртіндеп қарулы, ұйымдасқан және талапсыз топ ретінде көрсетіледі. Ресми куәлік, қару атаулары және қирау көріністері осы қауіп бейнесін күшейтеді. Қауіп дискурсын монтаждың қызметімен бірге қарастырғанда, жәбірленуші бейнесінің мағынасы эпизодтың кейінгі баяндаудағы орнына тәуелді екені көрінеді. Қаза, дене зақымы немесе отбасылық қайғы өздігінен Human Rights фреймін білдірмейді. Егер мұндай эпизодтар кейін тонау, қылмыстық қауіп, мемлекеттік көмек және тұрақтандыру желісіне жалғанса, олардың баяндаудағы қызметі өзгереді. Сондықтан кадрдың мазмұнымен қатар жауапкершіліктің кімге жүктелетіні және эпизодтың қандай шешімге алып келетіні ескерілуі қажет.

Нәтиже Iyengar (1991) ұсынған эпизодтық және тақырыптық фреймдер айырмасымен сабақтас. Тәуелсіз жобада жеке адамның тағдыры азаптау, тергеу және мемлекеттік институттардың жауапкершілігі мәселесіне жалғасады. Мемлекеттік фильмде жеке қайғы қауіптің эмоциялық салмағын күшейтіп, кейін мемлекеттік қамқорлықпен байланысады. Демек, фрейм бағытын кейіпкердің өзі емес, оның оқиғасының қандай себеп пен қорытындыға жалғанғаны айқындайды.

Жауапкершіліктің қалай бөлінетінін түсіндіруде сыни дискурс талдауы әрекет иесін атау тәсіліне назар аударуға мүмкіндік береді. Сыни дискурс талдауы әрекет иесін жасырған сөйлемдердің мәнін түсіндіруге көмектеседі (Fairclough, 1995; van Dijk, 2008). «Оқ тиді», «көлік өртенді», «қазаға ұшырады» деген құрылымдар жауапты тарапты атамайды. Ал қарсы топтың әрекеті айтылғанда шабуыл жасаған субъект, қару және мақсат нақты көрсетіледі. Осы айырмашылық азаматтарға жасалған зорлықты жалпы қасірет, ал мемлекетке қарсы әрекетті нақты қылмыс ретінде көрсетуге ықпал етеді. Тілдік таңдау көрнекі материалмен ұштасқанда, деректі фильмдегі кадрдың өзі де белгілі бір түсіндіру қызметін атқарады. Деректі фильмдегі шынайы кадр да бейтарап дәлел емес. Оның мағынасы іріктеу мен монтаж арқылы қалыптасады (Nichols, 1991, 2017; Winston, 2008). Тәуелсіз жобада әуесқой түсірілім ресми мәлімдемені тексеруге қолданылады. Мемлекеттік фильмде мұрағат кадры диктор мәтіні мен ресми куәлікті бекітеді. Бір қирау көрінісі бір фильмде қақтығыстың күрделілігін, екіншісінде ұйымдасқан қауіптің ауқымын көрсетуі мүмкін.

Нәтижелер Қазақстан жөніндегі алдыңғы зерттеулермен сабақтас. Karibayeva мен Lemon (2023) ресми дискурста терроризм, мемлекеттілік және тұрақтылық ұғымдарының рөлін көрсетті. Kap and Slamgazhy (2026) мемлекеттік медиада қауіпсіздік, тәуелсіз медиада адам құқықтары фреймінің басымдығын анықтады. Mussa, Myssayeva және Brown (2025) редакциялық ортаның қақтығысты түсіндіруге ықпал ететінін көрсетті. Осы зерттеу аталған тұжырымдарды деректі фильм материалы арқылы нақтылап, фреймнің сөйлеуші тараптардың құрамы, әрекет иесінің аталу тәсілі, көрнекі дәлел және баяндаудың соңғы шешімі арқылы құрылатынын көрсетеді.

Алайда анықталған айырмашылықтарды медиа ұйымының мәртебесімен тікелей

байланыстыруға негіз жеткіліксіз. Мемлекеттік фильмдер 2022 жылы оқиғадан көп ұзамай қысқа телевизиялық форматта жарияланды, ал тәуелсіз жоба 2024 жылы ұзақ цифрлық форматта шықты. Екі жылдық уақыт аралығы тәуелсіз жобаға кейінгі сот материалдарын, куәліктерді және құқықтық бағаларды кеңірек енгізуге мүмкіндік берген болуы ықтимал. Ұзақ формат кейіпкерлердің себеп пен жауапкершілік туралы ойын толығырақ беруге жағдай жасайды. Қысқа эфирлік формат ресми дереккөздерді, оқиға хроникасын және тұрақтандыру желісін ықшам ұсынуға бейім. Сондықтан HR/SS үлестеріндегі айырмаға редакциялық ұстаныммен қатар жариялану уақыты, формат және дерекке қолжетімділік ықпал етуі мүмкін. Зерттеу осы факторлардың әрқайсысының дербес әсерін ажыратпайды, сондықтан фреймдер арасындағы айырмашылықты мемлекеттік немесе тәуелсіз медиа мәртебесінің тікелей салдары деп түсіндіруге болмайды.

Осы шектеулерді ескере отырып, нәтижелерден бірнеше практикалық қағида шығады. Практикалық тұрғыдан азаматтық шығын туралы эпизодта жауапты тарап анықталмаса, редакция осы белгісіздікті ашық көрсетуі қажет. Ресми және азаматтық дереккөздерден алынған дәлел бірдей тексеру талабына бағынуға тиіс. Жәбірленушінің сөзі эмоциялық әсер тудыратын үзінді ретінде қалып қоймай, көтерген құқықтық мәселемен бірге берілуі керек. «Террорист», «содыр» тәрізді қауіп атаулары нақты дерекпен негізделуі қажет. Монтаж арқылы әртүрлі топтарды біртұтас қарсы тарап ретінде біріктіру көрерменге оқиғаның құрылымы туралы жаңсақ түсінік беруі мүмкін.

Қорытынды

Мақала Қаңтар-2022 оқиғасына арналған төрт деректі бөлімді ортақ кодтау жүйесі және мультимодальды талдау арқылы салыстырды. MAXQDA 2022-де жүйеленген 171 кодтық белгілеудің 162-сі HR/SS сандық талдауына, тоғызы VIS сапалық талдауына кірді. Тәуелсіз жобада Human Rights кодтық белгілеулерінің үлесі 76,7%, мемлекеттік корпуста State Security үлесі 78,3% болды. Он минутқа шаққандағы жиілік мемлекеттік фильмнің екінші бөлімінде State Security кодтарының өте тығыз орналасқанын көрсетті. Тәуелсіз жобаның екі бөлімінде де Human Rights фреймі басым болды.

Негізгі айырмашылық код санынан көрінген үлеспен шектелмейді. «Просто журналистика» әлеуметтік талап, азаматтардың ұйымдасуы, күш қолдану, азаптау және құқықтық жауапкершілік мәселелерін куәгерлер, белсенділер, жәбірленушілер және адвокаттар сөзімен байланыстырады. Осы сөйлеуші тараптар мәселені атайды, себепті түсіндіреді және жауапкершілікке қатысты дәлел ұсынады. «Қаралы қаңтар» қаза мен дене зақымын эмоциялық тұрғыдан айқын көрсетеді де, кейінгі баяндауды қылмыстық қауіп, мемлекеттік қорғау, көмек және тұрақтандыру желісіне ауыстырады.

Зерттеудің тұжырымдамалық үлесі интерпретациялық өкілет пен жәбірленушіге қатысты эпизодтың кейінгі баяндаудағы қызметін бір үлгіде байланыстырудан көрінеді. Жәбірленуші бейнесі өздігінен Human Rights фреймін білдірмейді. Оның қызметін фильмдегі орны, әрекет иесінің аталу-аталмауы, кейінгі диктор мәтіні, кадрлар реті және қорытынды айқындайды. Тәуелсіз жобада жеке қайғы мемлекеттік институттардың жауапкершілігі мен әділет талабына жалғасады. Мемлекеттік фильмде жеке қайғы қауіпсіздік пен қалпына келтіру шараларын негіздеуге көбірек қызмет етеді. Нәтижелер таңдалған корпустардағы баяндау айырмасын көрсетеді. Алайда жариялану уақыты мен формат айырмасы толық бақыланбағандықтан, анықталған айырмашылықты мемлекеттік немесе тәуелсіз медиа мәртебесінің тікелей салдары деп түсіндіруге болмайды.

Практикалық тұрғыдан зерттеу деректі фильм редакцияларына төрт бағыт ұсынады. Біріншісі – әрекет иесін мүмкіндігінше нақты атау. Екіншісі – ресми және азаматтық дереккөздерді бірдей тексеру талабымен бағалау. Үшіншісі – жәбірленуші сөзін оның көтерген құқықтық мәселесінен ажыратпау. Төртіншісі – көрнекі материалдың белгілі бір топ туралы теріс бейне қалыптастыруға ықпалын бағалау. Кейінгі зерттеулерге екінші кодерді тартып, кодтаушылар арасындағы келісімді есептеу қажет. Экран және сөйлеу уақытын толық өлшеу, көрермен қабылдауын эксперимент арқылы тексеру және қаңтар оқиғасы туралы халықаралық деректі фильмдерді ортақ үлгімен салыстыру зерттеудің жалғасы бола алады.

Қаржыландыру

Зерттеу сыртқы гранттық қаржыландырусыз орындалды.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

Пайдаланылған әдебиеттер

Atton, C. (2002). *Alternative media*. SAGE Publications. https://doi.org/10.4135/9781446220153

Aufderheide, P. (2007). *Documentary film: A very short introduction*. Oxford University Press. https://doi.org/10.1093/actrade/9780195182705.001.0001

Balzacq, T. (2005). The three faces of securitization: Political agency, audience and context. *European Journal of International Relations, 11*(2), 171–201. https://doi.org/10.1177/1354066105052960

Butler, M., & Larson, A. (2025). Images of violence: An analysis of visual frames in U.S. nightly national broadcast news coverage of Black Lives Matter protests. *Western Journal of Communication, 89*(3), 559–584. https://doi.org/10.1080/10570314.2025.2456469

Buzan, B., Wæver, O., & de Wilde, J. (1998). *Security: A new framework for analysis*. Lynne Rienner Publishers.

Corner, J. (1996). *The art of record: A critical introduction to documentary*. Manchester University Press.

Cottle, S. (2008). Reporting demonstrations: The changing media politics of dissent. *Media, Culture & Society, 30*(6), 853–872. https://doi.org/10.1177/0163443708096097

Entman, R. M. (1993). Framing: Toward clarification of a fractured paradigm. *Journal of Communication, 43*(4), 51–58. https://doi.org/10.1111/j.1460-2466.1993.tb01304.x

Fairclough, N. (1995). *Media discourse*. Edward Arnold.

Gitlin, T. (1980). *The whole world is watching: Mass media in the making and unmaking of the New Left*. University of California Press.

Goffman, E. (1974). *Frame analysis: An essay on the organization of experience*. Harper & Row.

Gruber, J. B. (2023). Troublemakers in the streets? A framing analysis of newspaper coverage of protests in the UK 1992–2017. *The International Journal of Press/Politics, 28*(2), 414–433. https://doi.org/10.1177/19401612221102058

Harlow, S., & Brown, D. K. (2023). A new protest paradigm: Toward a critical approach to protest news analyses. *The International Journal of Press/Politics, 28*(2), 333–343. https://doi.org/10.1177/19401612231153377

Iyengar, S. (1991). *Is anyone responsible? How television frames political issues*. University of Chicago Press.

Kap, Y., & Slamgazhy, A. (2026). Framing Bloody January: A comparative analysis of state and independent media narratives in Kazakhstan. *Central Asian Survey*. 1-23. https://doi.org/10.1080/02634937.2025.2611918

Karibayeva, A., & Lemon, E. (2023). From Qandy Qantar to Tragic January: State framing of the January events. In J.-F. Caron (Ed.), *A revolt in the steppe: Understanding Kazakhstan's January events of 2022* (pp. 53-78). Palgrave Macmillan. https://doi.org/10.1007/978-981-99-0783-0_4

Krippendorff, K. (2018). *Content analysis: An introduction to its methodology* (4th ed.). SAGE Publications.

Kudaibergenova, D. T., & Laruelle, M. (2022). Making sense of the January 2022 protests in Kazakhstan: Failing legitimacy, culture of protests, and elite readjustments. *Post-Soviet Affairs, 38*(6), 441–459. https://doi.org/10.1080/1060586X.2022.2077060

Kurambayev, B., Myssayeva, K., & Freedman, E. (2025). Boycotting in journalism: How journalists quietly protest in an authoritarian country. *Media Asia, 52*(1), 1–20. https://doi.org/10.1080/01296612.2024.2352956

Lu, L., Tao, R., Kwon, H., Kang, J., Zhou, Y., Xin, H., Duncan, J. D., & McLeod, D. (2025). Visual constructs of conflict and solidarity: The role of visual framing on public perceptions and engagement intentions with social protests. *Visual Communication Quarterly, 32*(1), 17–32. https://doi.org/10.1080/15551393.2025.2452959

Masullo, G. M., Brown, D. K., & Harlow, S. (2024). Shifting the protest paradigm? Legitimizing and humanizing protest coverage lead to more positive attitudes toward protest, mixed results on news credibility. *Journalism, 25*(6), 1230–1251. https://doi.org/10.1177/14648849231200135

Mussa, N., Myssayeva, K., & Brown, M. (2025). Framing conflict in Kazakhstan: A comparative analysis of Kazakh, Russian, and U.K. news outlets. *Media Asia, 52*(2), 192–210. https://doi.org/10.1080/01296612.2024.2361539

Nichols, B. (1991). *Representing reality: Issues and concepts in documentary*. Indiana University Press. https://doi.org/10.2307/j.ctv32bm1p2

Nichols, B. (2017). *Introduction to documentary* (3rd ed.). Indiana University Press. https://doi.org/10.2307/j.ctt2005t6j

Renov, M. (2004). *The subject of documentary*. University of Minnesota Press.

Richardson, J. E. (2007). *Analysing newspapers: An approach from critical discourse analysis*. Palgrave Macmillan.

Scheufele, D. A. (1999). Framing as a theory of media effects. *Journal of Communication, 49*(1), 103–122. https://doi.org/10.1111/j.1460-2466.1999.tb02784.x

Troitskiy, E. F., Pogorelskaya, A. M., Yun, S. M., Dunaeva, D. O., & Blaginin, A. L. (2024). Kazakhstan's January 2022 crisis: Representations by national experts via social media. *Journal of Eurasian Studies, 15*(2), 227–238. https://doi.org/10.1177/18793665231212575

van Dijk, T. A. (1993). Principles of critical discourse analysis. *Discourse & Society, 4*(2), 249–283. https://doi.org/10.1177/0957926593004002006

van Dijk, T. A. (2008). *Discourse and power*. Palgrave Macmillan. https://doi.org/10.1007/978-1-137-07299-3

Wæver, O. (1995). Securitization and desecuritization. In R. D. Lipschutz (Ed.), *On security* (pp. 46–86). Columbia University Press.

Winston, B. (2008). *Claiming the real II: Documentary: Grierson and beyond* (2nd ed.). British Film Institute.

Zhong, W., Chen, B., Liang, F., & Zhang, M. M. (2025). Picturing protest: Visual framing in authoritarian media on Twitter. *Digital Journalism*. https://doi.org/10.1080/21670811.2025.2571963

Зерттеу корпусы ретінде қолданылған деректі фильмдер

Ахмедьяров, Л., & Упоров, Р. (2024a, February 24). *Қаңтар. 1-бөлім: Көтеріліс* [Деректі фильм]. «Просто журналистика», YouTube. https://www.youtube.com/watch?v=EPOaR9HSdUM

Ахмедьяров, Л., & Упоров, Р. (2024b, February 24). *Қаңтар. 2-бөлім: Қасірет* [Деректі фильм]. «Просто журналистика», YouTube. https://www.youtube.com/watch?v=WKleW0-AlnE

Qazaqstan TV. (2022a, January 29). *Қаралы қаңтар. Деректі фильм. 1-бөлім* [Деректі фильм]. YouTube. https://www.youtube.com/watch?v=tON04gunmiE

Qazaqstan TV. (2022b, January 30). *Қаралы қаңтар. Деректі фильм. 2-бөлім* [Деректі фильм]. YouTube. https://www.youtube.com/watch?v=LvqKokmNAcA

References

Atton, C. (2002). *Alternative media*. SAGE Publications. https://doi.org/10.4135/9781446220153

Aufderheide, P. (2007). *Documentary film: A very short introduction*. Oxford University Press. https://doi.org/10.1093/actrade/9780195182705.001.0001

Balzacq, T. (2005). The three faces of securitization: Political agency, audience and context. *European Journal of International Relations, 11*(2), 171–201. https://doi.org/10.1177/1354066105052960

Butler, M., & Larson, A. (2025). Images of violence: An analysis of visual frames in U.S. nightly national broadcast news coverage of Black Lives Matter protests. *Western Journal of Communication, 89*(3), 559–584. https://doi.org/10.1080/10570314.2025.2456469

Buzan, B., Wæver, O., & de Wilde, J. (1998). *Security: A new framework for analysis*. Lynne Rienner Publishers.

Corner, J. (1996). *The art of record: A critical introduction to documentary*. Manchester University Press.

Cottle, S. (2008). Reporting demonstrations: The changing media politics of dissent. *Media, Culture & Society, 30*(6), 853–872. https://doi.org/10.1177/0163443708096097

Entman, R. M. (1993). Framing: Toward clarification of a fractured paradigm. *Journal of Communication, 43*(4), 51–58. https://doi.org/10.1111/j.1460-2466.1993.tb01304.x

Fairclough, N. (1995). *Media discourse*. Edward Arnold.

Gitlin, T. (1980). *The whole world is watching: Mass media in the making and unmaking of the New Left*. University of California Press.

Goffman, E. (1974). *Frame analysis: An essay on the organization of experience*. Harper & Row.

Gruber, J. B. (2023). Troublemakers in the streets? A framing analysis of newspaper coverage of protests in the UK 1992–2017. *The International Journal of Press/Politics, 28*(2), 414–433. https://doi.org/10.1177/19401612221102058

Harlow, S., & Brown, D. K. (2023). A new protest paradigm: Toward a critical approach to protest news analyses. *The International Journal of Press/Politics, 28*(2), 333–343. https://doi.org/10.1177/19401612231153377

Iyengar, S. (1991). *Is anyone responsible? How television frames political issues*. University of Chicago Press.

Kap, Y., & Slamgazhy, A. (2026). Framing Bloody January: A comparative analysis of state and independent media narratives in Kazakhstan. *Central Asian Survey*. 1-23.https://doi.org/10.1080/02634937.2025.2611918

Karibayeva, A., & Lemon, E. (2023). From Qandy Qantar to Tragic January: State framing of the January events. In J.-F. Caron (Ed.), *A revolt in the steppe: Understanding Kazakhstan's January events of 2022* (pp. 53-78). Palgrave Macmillan. https://doi.org/10.1007/978-981-99-0783-0_4

Krippendorff, K. (2018). *Content analysis: An introduction to its methodology* (4th ed.). SAGE Publications.

Kudaibergenova, D. T., & Laruelle, M. (2022). Making sense of the January 2022 protests in Kazakhstan: Failing legitimacy, culture of protests, and elite readjustments. *Post-Soviet Affairs, 38*(6), 441–459. https://doi.org/10.1080/1060586X.2022.2077060

Kurambayev, B., Myssayeva, K., & Freedman, E. (2025). Boycotting in journalism: How journalists quietly protest in an authoritarian country. *Media Asia, 52*(1), 1–20. https://doi.org/10.1080/01296612.2024.2352956

Lu, L., Tao, R., Kwon, H., Kang, J., Zhou, Y., Xin, H., Duncan, J. D., & McLeod, D. (2025). Visual constructs of conflict and solidarity: The role of visual framing on public perceptions and engagement intentions with social protests. *Visual Communication Quarterly, 32*(1), 17–32. https://doi.org/10.1080/15551393.2025.2452959

Masullo, G. M., Brown, D. K., & Harlow, S. (2024). Shifting the protest paradigm? Legitimizing and humanizing protest coverage lead to more positive attitudes toward protest, mixed results on news credibility. *Journalism, 25*(6), 1230–1251. https://doi.org/10.1177/14648849231200135

Mussa, N., Myssayeva, K., & Brown, M. (2025). Framing conflict in Kazakhstan: A comparative analysis of Kazakh, Russian, and U.K. news outlets. *Media Asia, 52*(2), 192–210. https://doi.org/10.1080/01296612.2024.2361539

Nichols, B. (1991). *Representing reality: Issues and concepts in documentary*. Indiana University Press. https://doi.org/10.2307/j.ctv32bm1p2

Nichols, B. (2017). *Introduction to documentary* (3rd ed.). Indiana University Press. https://doi.org/10.2307/j.ctt2005t6j

Renov, M. (2004). *The subject of documentary*. University of Minnesota Press.

Richardson, J. E. (2007). *Analysing newspapers: An approach from critical discourse analysis*. Palgrave Macmillan.

Scheufele, D. A. (1999). Framing as a theory of media effects. *Journal of Communication, 49*(1), 103–122. https://doi.org/10.1111/j.1460-2466.1999.tb02784.x

Troitskiy, E. F., Pogorelskaya, A. M., Yun, S. M., Dunaeva, D. O., & Blaginin, A. L. (2024). Kazakhstan's January 2022 crisis: Representations by national experts via social media. *Journal of Eurasian Studies, 15*(2), 227–238. https://doi.org/10.1177/18793665231212575

van Dijk, T. A. (1993). Principles of critical discourse analysis. *Discourse & Society, 4*(2), 249–283. https://doi.org/10.1177/0957926593004002006

van Dijk, T. A. (2008). *Discourse and power*. Palgrave Macmillan. https://doi.org/10.1007/978-1-137-07299-3

Wæver, O. (1995). Securitization and desecuritization. In R. D. Lipschutz (Ed.), *On security* (pp. 46–86). Columbia University Press.

Winston, B. (2008). *Claiming the real II: Documentary: Grierson and beyond* (2nd ed.). British Film Institute.

Zhong, W., Chen, B., Liang, F., & Zhang, M. M. (2025). Picturing protest: Visual framing in authoritarian media on Twitter. *Digital Journalism*. https://doi.org/10.1080/21670811.2025.2571963

Documentary films used in research corpus

Akhmedyarov, L., & Uporov, R. (2024a, February 24). Qañtar. 1-bölim: Köterilis [January. Part 1: Uprising] [Documentary film]. Prosto Zhurnalistika, YouTube. https://www.youtube.com/watch?v=EPOaR9HSdUM

Akhmedyarov, L., & Uporov, R. (2024b, February 24). Qañtar. 2-bölim: Qasiret [January. Part 2: Tragedy] [Documentary film]. Prosto Zhurnalistika, YouTube. https://www.youtube.com/watch?v=WKleW0-AlnE

Qazaqstan TV. (2022a, January 29). Qaraly qañtar. Derekti film. 1-bölim [Tragic January. Documentary Film. Part 1] [Documentary film]. YouTube. https://www.youtube.com/watch?v=tON04gunmiE

Qazaqstan TV. (2022b, January 30). Qaraly qañtar. Derekti film. 2-bölim [Tragic January.

Documentary Film. Part 2] [Documentary film]. YouTube. https://www.youtube.com/watch?v=LvqKokmNAcA

IRSTI: 19.41.41

Interpretive Authority and Narrative shift: Framing January Events in State and Independent Documentaries

Yessengul Kap
SDU University, Kaskelen, Kazakhstan
email: yessengul.kap@sdu.edu.kz

Baghdat Sultan
SDU University, Kaskelen, Kazakhstan
email: 241308002@sdu.edu.kz

Abstract

This article compares how the January events are framed in state and independent documentary films through interpretive authority, attribution of agency, and narrative shift. The corpus consists of two episodes of "Qaraly Qantar" produced by Qazaqstan national TV channel and the "Koterilis" and "Qasiret" episodes of the Qantar project produced by Prosto Zhurnalistika YouTube channel. The four films have a combined running time of 4 hours, 53 minutes, and 9 seconds. Full transcripts were examined at sentence, semantic-segment, and audiovisual-episode levels. The coding results were organised in MAXQDA 2022 as a hierarchical code system and document-code matrix and compared through the Code Matrix Browser. In total, 171 code assignments were recorded: 162 under Human Rights or State Security and nine retained for qualitative visual analysis. Since the corpora differ substantially in duration, within-document frame shares and rates per ten minutes were reported together. Witnesses, victims, activists, and lawyers in the independent project receive greater interpretive authority to define causes and responsibility. The state documentaries connect personal grief to threat, criminal framing, state assistance, and stabilisation. The study's conceptual contribution is to show how similar victim-related episodes can support different final arguments depending on their placement and subsequent narrative development. As coding was conducted by one researcher, the conclusions are limited to the four selected films.

Keywords: January 2022, documentary film, framing, interpretive authority, security discourse, multimodal analysis.

МРНТИ: 19.41.41

Интерпретационная власть и нарративный сдвиг: фреймирование январских событий в государственных и независимых документальных фильмах

Кәпқызы Есенгүл
SDU University, Каскелен, Казахстан
email: yessengul.kap@sdu.edu.kz

Сұлтан Бағдат
SDU University, Каскелен, Казахстан
email: 241308002@sdu.edu.kz

Аннотация

В статье сопоставляется фреймирование январских событий 2022 года в государственных и независимых документальных фильмах через интерпретационную власть, обозначение действующего субъекта и нарративный сдвиг. Корпус включает две части фильма «Қаралы қаңтар» телеканала Qazaqstan, а также фильмы «Көтеріліс» и «Қасірет» проекта «Қаңтар» YouTube канала «Просто журналистика». Общая продолжительность четырех фильмов составляет 4 часа 53 минуты 9 секунд. Полные транскрипты анализировались на уровне предложения, смыслового сегмента и аудиовизуального эпизода. Результаты кодирования были систематизированы в MAXQDA 2022 в виде иерархии кодов и матрицы «документ-код» и сопоставлены с помощью Code Matrix Browser. Всего зафиксировано 171 кодовое присвоение: 162 относятся к Human Rights и State Security, девять использованы в качественном визуальном анализе. Из-за различий в длительности корпусов представлены внутридокументные доли фреймов и частота на десять минут. В независимом проекте свидетели, пострадавшие, активисты и адвокаты получают больше интерпретационной власти при объяснении причин и ответственности. Государственные фильмы связывают личное горе с угрозой, криминальным фреймированием, государственной помощью и стабилизацией. Концептуальный вклад исследования состоит в объяснении того, как сходные эпизоды виктимности поддерживают разные итоговые аргументы в зависимости от их места в монтаже и последующего развития нарратива. Поскольку кодирование проводил один исследователь, выводы ограничены четырьмя выбранными фильмами.

Ключевые слова: Январь-2022, документальный фильм, фреймирование, интерпретационная власть, дискурс безопасности, мультимодальный анализ.

Келіп түсті: 22 тамыз, 2026
Қабылданды: 28 қыркүйек, 2026